

«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы» МКҚК

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Ортаңғы топ

Бекітемін:

3.Жұмабаева



**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022- 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Қарауылкелді»бөбекжай-балабақшасы

Топ: Ортаңғы топ

Балалардың жасы:3

Жоспардың құрылу кезеңі Қыркүйек айы 2022ж

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қыркүйек	Дене шынықтыру	<p>Жалпы дамытушы жаттығулар: Көзбен бағдарлай отырып, ауызша нұсқаулармен ойын түріндегі жаттығуларды (жануарлардың қозғалысына еліктеу) педагогпен бірге орындауға үйрету.</p> <p>Негізгі қимылдар: Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы еркін жүру және жүгіру дағдыларын қалыптастыру: сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, тізені жоғары көтеріп жүру.</p> <p>Музыкалық-ырғақтық жаттығулар: Сапта бір-бірлеп, бірінің артынан бірі, аяқтың ұшымен, қол мен аяқ қозғалыстарын үйлестіру, аралықты сактай отырып, бағытты өзгертіп, шеңбер бойлап, тоқтай калып, "жыланша", заттарды айналып өтіп, алаңның бір жағынан екінші жағына және т.с.с. жүгіру</p> <p>Спорттық жаттығулар: Секіру. Екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отыру. лақтыру, тастау, қағып алу. Бір-бірінен 1,5–2 метр арақашықтықта отырып, аяқты алшақ ұстаған қалпында допты домалату, қақпадан асыру</p> <p>Спорттық ойын элементтері: Сапқа бір-бірден, шеңберге шағын топтармен және барлық топпен қайта тұру дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Биік емес төбеден бір-бірін сырғанату біліктерін қалыптастыру;</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Үш дөңгелекті велосипед тебу дағдыларын қалыптастыру; Шынықтыру шараларын жүргізу. Т</p> <p>Мәдени- гигиеналық дағдылар: Тыныс алу жаттығуларын жүргізу. бірлескен қимылды ойындарға</p>

	катысады.
Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. дауысты (а, ә, е, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды айта білу; ойын мен ойын жаттығулары арқылы сөздік қорын кеңейту</p> <p>Сөздік қор. Балалардың сөйлеу тілін заттардың қасиеті мен сапасын білдіретін сөздермен байыту;</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымызат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану; сөйлеуде зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу. ересектермен әңгімелесу кезінде берілген сұрақтарды тыңдау және түсіне білу; таныс ертегілерді ойнауға және сахналауға ынталандыру, қызығушылығын ояту.</p> <p>Шығармашылықпен сөйлеу қызметі. барлық сөз таптарын қолданады; қажетті сөздер мен сөз тіркестерін қолданады;</p>

<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Оқу, әңгімелеу. ертегілердің мазмұнын түсінуге, тыңдауға, бейнелі сөздерді есте сақтауға; кейінкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу.</p> <p>Мәнерлеп оқу. әдеби шығармалардың мазмұнын тыңдайды және түсінеді;</p> <p>Мазмұндау. таныс ертегілерді сахналауға қатысады;</p> <p>Театрландырылған әрекет дағдыларын дамыту. тәрбиешінің өтінішін орындауды, балалардың сөздік қорын одан әрі кеңейтуді және орыс тіліндегі сөздердің дұрыс айтылуын;</p>
<p>Математика негіздері</p>	<p>Жиын: Сан. "Көп", "біреу", "бір-бірден", "бір де біреуі жоқ" ұғымдары туралы түсініктерін қалыптастыру. Келесі дағдыларды қалыптастыру: біртекті заттардан топтар құрастыру және олардың біреуін бөліп көрсету</p> <p>Сан, санау: бөлмедегі заттарды ажырату және олардың санын анықтау;</p> <p>Шама: Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. Биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру.</p> <p>Геометриялық пішіндер: Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Өзінің дене бөліктерінің орналасу бағдарын білуге үйрету. Өзіне тікелей жақын кеңістік бағдарын анықтау, заттарды сол жақтан оң жаққа қарай орналастыру.</p> <p>Уақытты бағдарлау: Келесі дағдыларды қалыптастыру: тәулік бөліктерін тану және атау - таңертен, күндіз, кеш, түн.</p>
<p>Құрастыру</p>	<p>Құрылыс материалдарынан құрастыру: Әртүрлі түстегі және пішіндегі бөлшектерден қарапайым құрылыстар құрастыру;</p> <p>Қағаздан құрастыру: қағазды бүктеу, жырту, шиыршықтау тәсілдерін пайдаланып, қағаз беттерін көлемді пішіндерге түрлендіру.</p> <p>Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру:) ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру</p> <p>Конструктор бөлшектерінен құрастыру: үлгі бойынша құрастыру;</p>

<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Тірі және өлі табиғат құбылыстары мен заттары: Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін қалыптастыру..</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Ауа-райының жағдайын анықтау, табиғат құбылыстарын (маусымдық) бақылау. Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын тәрбиелеу.</p> <p>Өсімдіктер мен жануарлар әлемі: табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын, өсімдіктерге сүйіспеншілікпен және қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу. Үй және жабайы жануарларды, құстарды, жәндіктерді атайды; табиғатқа қамқорлық танытады</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Заттық сурет салу:Түрлі бағытта тура сызықтарды, олардың қиылысуын жүргізе білуді қалыптастыру: көкөністер мен жемістерді, ыдыстарды, ойыншықтарды, жануарларды бейнелеу, дөңгелек пішінді заттардың суретін салу (шарлар, бұлт, күн); бірнеше көлденең және тік сызықтардан заттар салуды (дуал); салынған пішіндерді бояуды, дәстүрден тыс сурет салу (саусақтарымен және алақандарымен, түрлі- түсті борлармен) дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сюжеттік сурет салу: Сюжеттік сурет салу, ойлауы бойынша сурет салу. Қоршаған әлемнің, өнер туындыларының әсемдігіне, тұрмыстық заттарға, қазақ және басқа ұлттардың ойыншықтарына эмоционалды-эстетикалық талғам дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Сәндік сурет салу: Элементтердің пішінін, реттілігін, олардың арасындағы қашықтықты ескере отырып, ою-өрнектерді жазықтыққа орналастыру дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Заттық мүсіндеу: Сазбалшықтың, ермексаздың қасиеттерімен танысу дағдыларын жетілдіру. Сазбалшық, камыр, ермексаз кесектерінен бөліп алу, дөңгелектеу, ширату, созу тәсілдерін пайдалана отырып, көкөністер мен жемістерді, кейбір заттарды, азық-түлік тағамдарын мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру;</p> <p>Сәндік мүсіндеу: алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Заттық жапсыру: дайын пішіндерден заттардың бейнесін жасауға үйрету; бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдау;</p> <p>Сюжеттік жапсыру: оюдың әсемдігін, орналасуын байқайды, оларды бөліктерге бөледі;</p> <p>Сәндік жапсыру: Ерсектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуі;</p>

Музыка

Музыка тыңдау: түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдау;
Ән айту: дыбыстаудың бірыңғай күшімен бірдей қарқында ән салу, ересектермен бірге ән салу, аспаптын сүйемелдеуіндегі даусына бейімделу дағдыларын қалыптастыру.
Музыкалық-ырғақтық қимылдар:) бірінің артынан бірі жүру барысында би ырғағын, музыканың би сипатын игеру;
Билер: әуенмен бірге би қозғалыстарының қарапайым элементтерін орындау;
Ойындар, хороводтар: жоғары және төмен дыбыстауды ажырату, оны ойын әрекеттерінде байқау;
Балалардың музыкалық аспаптарында ойнау: музыкалық және шулы ойыншықтардың, балаларға арналған аспаптардың дыбысталуын ажыратады;

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Қазан	Дене шынықтыру	Тепе-теңдікті сақтау. Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы қадаммен көлбеу тақтай (20-30 сантиметр), арқан бойымен жүру, тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтайдың бойымен жүру. қолдарын алдына немесе басынан жоғары, артына апарып шапалақтау; қолды алға, жан-жаққа созу, алақандарын жоғары қарату, қолды көтеру, түсіру, саусақтарды қозғалту, қол саусақтарын жұму және ашу.
	Сөйлеуді дамыту	Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту, сөздік қорды заттардың сапасы мен қасиеттерін білдіретін, заттарды жалпы (ойыншықтар, киім, аяқ киім, ыдыс, жиһаз) және ерекше белгілері бойынша жалпылаушы сөздермен байыту, қарама-қарсы мағынадағы сөздерді - антонимдерді енгізу.
	Көркем әдебиет	кейіпкерлерді ойнағанда мінез-құлқын бере білуге, интонациясын қабылдауға дағдыландыру
	Қазақ тілі	Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту. Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.
	Математика негіздері	Шама бойынша заттардың әртүрлі болатыны туралы түсінік беру. ұзындығы мен ені бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыру;
	Қоршаған ортамен таныстыру	Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру. Заттар, ойыншықтар, кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану, заттардың атқаратын қызметтерін түсіну, заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.
Құрастыру	бөлшектерді орналастыру және кірпіштерді қалау, пластиналарды тік бағытта және көлденең орналастыру тәсілдерін пайдалану	

Сурет салу	Сурет салу кезінде қарындашты, қылқаламды қатты қыспай, дұрыс ұстауды үйрету. Қылқаламмен бояуда оны бояуға ақырын батыруды, алынған артық бояуды құтының шетіне қылқаламды ақырын басынан басып, ағызып жіберіп бояуды, бояудың келесі түсін қолдану үшін қылқаламды басқа түске салмас бұрын жақсылап суға шайып алып қолдануды, жуылған қылқаламды жұмсақ матамен немесе қағаз майлықпен сүртіп кептіруді үйрету.
Мүсіндеу	алақандарының арасында, жазықтықта түзету және домалақтау қозғалыстары арқылы кесектерді жаю, элементтерді қарапайым заттарға (ыдыстар, ойыншықтарды мүсіндеу) біріктіру білігін жетілдіру
Жапсыру	бейнеленген заттарға сәйкес түстерді таңдай алу дағдысын қалыптастыру
Музыка	Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қараша	Дене шынықтыру	Жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, алаңның бір жағынан екінші жағына, әр түрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүгіру; белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд ішінде) жүгіру. Кеудеге арналған жаттығулар: допты бір-біріне басынан жоғары (артқа және алға) беру, жан-жаққа (солға- оңға) бұрылу
	Сөйлеуді дамыту	Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтінін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту, би билету, жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтқызу, сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.
	Көркем әдебиет	тақпақтарды, өлеңдерді мағыналы, асықпай және дыбыстарды анық айтуға үйрету
	Қазақ тілі	Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдануды қалыптастыру.
	Математика негіздері	биіктігі мен қалыңдығы бойынша екі қарама-қарсы және бірдей заттарды салыстыруға үйрету
	Қоршаған ортамен таныстыру	Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.
	Құрастыру	Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан құрастыру
	Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композициялар жасауға үйрету, тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, жасыл, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың реңктерін (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.

Мүсіндеу	Бірнеше бөліктен тұратын күрделі емес заттарды, жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. Сазбалшықтан, ермексаздан мүсіндеуге қызығушылығын тудыру.
Жапсыру	Желімдеудің техникасымен таныстыру және жұмыс жасау
Музыка	Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, тұяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс- әрекеттің міндеттері
Желтоқсан	Дене шынықтыру	Домалату, лақтыру, қағып алу. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтыру (2,5-5 метр қашықтық), төменнен екі қолмен көлденең нысанаға, оң және сол қолмен (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанаға (нысана биіктігі- 1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық), аяқтарын алшақ қойып, отырып, 1,5–2 метр қашықтықтан допты бір- біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалату. Допты жоғары лақтыру, төмен - еденге (жерге) соғу, қағып алу.
	Сөйлеуді дамыту	Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстыру, зат есімдерді үстінде, астында, артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану, зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.
	Көркем әдебиет	кейіпкерге, оқиғаларға өзінің көзқарасын білдіруге баулу
	Қазақ тілі	Қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданылатын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді («бөпе», «аға», «апа», «іні», «қарындас»), тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.
	Математика негіздері	Геометриялық пішіндер. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға үйрету: шеңбер, шаршы, үшбұрыш, түйсіну және көру арқылы пішін түрлерін зерттеуге үйрету
	Қоршаған ортамен таныстыру	Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарау, олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық таныту. Балаларды ересектердің еңбегін бақылау негізінде ойын әрекетіне ынталандыру. Мүмкіндіктеріне қарай күтушіге, аула сыпырушыға көмек көрсетуді ұйымдастыру. Өзгенің

	енбегінің нәтижесіне құрметпен қарауға тәрбиелеу, көмек көрсету ниеттерін қолдау.
Құрастыру	көп түсті құрылым құрастыру
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу. Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.
Мүсіндеу	табиғи материалдан мүсіндеу дағдыларын бекіту
Жапсыру	ересектер даярлаған ірі және барынша ұсақ элементтерді орналастыру мен желімдей білуге үйрету
Музыка	Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну. Би қимылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музыкалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жұппен ырғақты қимылдар орындау. Музыкалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қимылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю қорбандап жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады.

**«Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы»
Ортаңғы тобының 2022-2023 оқу жылына
арналған ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық
жоспары**

Қаңтар 2023жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қаңтар	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру. Еденге қойылған заттардан аттап жүру. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары. Құрсаудан құрсауға аттап өту; Жүгіру. Белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру. Домалату. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа (1,5–2 метр қашықтықтан) допты кеудемен лақтырып, оны қабылдау. Жалпы дамытушы жаттығулар. аяқты бүгу және созу (бірге және кезекпен), шалқасынан жерге серікпен, керісінше; иықтарды жоғары көтеріп, қолды жан-жаққа созып еңкею (етпетінен жатқан қалып бойымен); Қимылды ойындар. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізу. Спорттық жаттығулар. Шанамен бір-бірін сырғанату. Дербес қимыл белсенділігі. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын орындауға баулу. Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру. Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру. Адамның денсаулығына пайдалы (көгөністер, жемістер) бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Сауықтыру-шынықтыру шаралары. Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>
	Сөйлеуді дамыту	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту (баяу сөйлеу) Сөздік қор. Балалардың сөздік қорын (киім, аяқ киім) жаңа сөздермен байыту. Сөздік қор қарама-қарсы мәндес әрекеттерді (ашу, жабу) үйрету. Тілдің грамматикалық құрылымы. зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.</p>

	Байланыстырып сөйлеу. Тыңдаған шығармаларынан балалардың алған әсерімен бөлісу.
Көркем әдебиет	Кітаптарға қызығушылықты ояту. Шығарманың кейіпкерлеріне жанашырлық танытуға тәрбие
Қазақ тілі	Тілдік дамытушы орта. Ортақ тақырыпта әңгімелесуге, сұрақтарға жауап беруге баулу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті. Өзіне айтылған сөзді тыңдау және түсінуді дамыту. Сөздік қор. Баланың сөздік қорын дамытуда санамақтар жаттауға баулу. Тілдің грамматикалық құрылымы. Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдануға баулу (ба Байланыстырып сөйлеу. Балалардың өздеріне айтылған сөзді, есте сақтап, әңгімелесе білуге
Математика негіздері	Сан. Қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша? неше?» сұрағына жауап Шама. бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру Геометриялық фигуралар. Балаларды геометриялық фигураларды ұстау және көру тәсілде беру. Кеңістікті бағдарлау. оң-солды ажырата білу. Уақытты бағдарлау. Тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке.
Қоршаған ортамен таныстыру	Бала, оның отбасы, үйі. Балаларды отбасы мүшелерін, олардың іс-әрекеттерін атауға үйрету. Заттық әлем. Ойыншықтарды ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу. Көлік, байланыс құралдары. Ауада ұшатын қозғалыс құралдарымен таныстыру. Еңбекке баулу. Ойыншықтарды, кітаптарды, заттарды орнына жинауға баулу. Адамгершілік тәрбиесі. балалардың назарын адамның жеке қасиетіне (еңбекқор) аудару. Менің Отаным – Қазақстан. , өзінің туған жеріне деген сүйіспеншілік сезімін ояту. Өсімдіктер әлемі. бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану. Жануарлар әлемі. Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар (қасқыр, қоян) жайлы түсінікті Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Қысқы мезгілдегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.
Сурет салу	Бір заттың немесе түрлі заттардың суретін салуды қайталай отырып, қарапайым сюжеттік композиция

Мүсіндеу	Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.
Жапсыру	Жапсыруда табиғи материалдарды және қағазды түрлендіру әдістерін (жырту, умаждау, бүктеу) қолдану.
Құрастыру	Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға, суреттегі үлгісіне қарап зерттеуге баулу.

Қызықты дағдылар

Ауыл	Ұйымдастырылған іс-арнама	Ұйымдастырылған іс-арнама
Қызықты дағдылар	Дене шынықтыру	Негізгі қимылдар: Жүру. Ежелгі хоббиға қатысумен бірге жүру. Теле-теледік сәтсіздік жасау арқылы жүрудегі құрылым ағым өту. Жүгіру. Белгілі бір тәртіптермен өзіңді бақылау, тоқтау және жүру. Дөңбелік. Жүгірудегі өзіндік қимылдарыңды (1,5-2 м) бақылаумен бірге жүру. Жаппай дене шынықтыру жаттығулары, аяқты бүгу және ояу (бөке және күткімен), шалқасымен және қолмен, аяқпен және қолмен жүру, қолмен және аяқпен жүру (өзіңнен жүрумен қалыптастыру). Қимылдар ойындары. Қимыл түрлерін өзгерте отырып, оны өзгерту құрылым арқылы ойнау. Спорттық жаттығулар. Шамамен бір-бірін сарғалау. Дербес қимылдар бақылауы. Ойнау, ойындау, ойындаумен бірге жүру. Мәдени-өнер саласына қатысты жаттығулар және ойнау-ойындау жасау дағдыларын қалыптастыру. Салтанатты өнер саласы дағдыларын қалыптастыру. Алғашқы дәстүрлеріңді бақылау (ойындау, жинақтау) бастапқы түрлеріңді қалыптастыру. Бастапқы қимылдарыңды бақылау. Сурет және қимылдарыңды өзіндік жаттығуларыңды қалыптастырумен бірге жүру. Сурет және қимылдарыңды өзіндік жаттығуларыңды қалыптастырумен бірге жүру. Сурет және қимылдарыңды өзіндік жаттығуларыңды қалыптастырумен бірге жүру. Сурет және қимылдарыңды өзіндік жаттығуларыңды қалыптастырумен бірге жүру. Сурет және қимылдарыңды өзіндік жаттығуларыңды қалыптастырумен бірге жүру.
	Сөйлеу дағдылары	Сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. Сөйлеу және қимылдарыңды өзіндік жаттығуларыңды қалыптастырумен бірге жүру. Сөйлеу және қимылдарыңды өзіндік жаттығуларыңды қалыптастырумен бірге жүру. Сөйлеу және қимылдарыңды өзіндік жаттығуларыңды қалыптастырумен бірге жүру. Сөйлеу және қимылдарыңды өзіндік жаттығуларыңды қалыптастырумен бірге жүру. Сөйлеу және қимылдарыңды өзіндік жаттығуларыңды қалыптастырумен бірге жүру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022 - 2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы»

Тобы: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жастағы балалар

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Ақпан	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру: Еденге қойылған заттардан жан-жаққа баяу айналу. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: Арқан бойымен жүру; Жүгіру: Белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру. Лақтыру: Заттарды оң және сол қолмен тік нысанаға(нысана биіктігі 1,2 метр) лақтыру. Еңбектеу: 4-6 м қашықтыққа заттарды айналып, арқанның бойымен еңбектеу. Жалпы дамытушы жаттығулар. Қимылды ойындар: Қимылды ойындарды ойнату. Дербес қимыл белсенділігі: Ептілікті, жылдамдықты дамыту Спорттық жаттығулар: Биік емес төбеден сырғанау. Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p>

		<p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Зиянды тағамдар тәттілер, бәліштер, тәтті газдалған сусындар) туралы түсініктерді қалыптастыру .</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтыру шараларын жүргізуде балалардың денсаулық жағдайын ескере отырып, жеке тәсілді жүзеге асыру.</p>
	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту (жаңылтпаштар айту.)</p> <p>Сөздік қор: Қарама-қарсы (ыдыс-жиһаз) мағынадағы сөздерді-антонимдерді енгізу.</p> <p>Сөздік қорды қалыптастыру: Санамақ, жаңылпаш айтқызу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді артында, жанында тәрізді көмекші сөздермен бірге қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ертегілер көргеннен кейін балаларды өз ойын айтуға үйрету.</p>
	<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзіндіні қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>
	<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта: Өз бетінше кітаптарды қарауға, өзінің алған әсері мен қалауын білдіруге баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Қазақ тіліне тән ә, ө, қ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтуға баулу.</p> <p>Сөздік қор: Баланың сөздік қорын дамытуда тақпақтар мен жаңылтпаштар жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және есім) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге баулу.</p>

<p>Математика негіздері</p>	<p>Сан: «Тең бе?», «Қайсысы артық, кем?» сауалдарына жауап беру.</p> <p>Шама: Салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей-тең сөздерімен белгілеу.</p> <p>Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигуралар (шаршы, дөңгелек) ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Алдында-артында, үстінде-астында ажырата білу.</p> <p>Уақытты бағдарлау: Тәулік бөліктерін бағдарлау: таңертең-кешке.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Өзінің отбасы, отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге баулу.</p> <p>Заттық әлем: Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары: Жаяу жүргіншілер мен жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен таныстыру.</p> <p>Еңбекке баулу: Өзінің құрдастарының шығармашылық жұмыстарының нәтижелеріне карауға баулу.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі: Жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан: Отанына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.</p> <p>Өсімдіктер әлемі: Бөлме өсімдіктерінің 2-3 түрін тану және атау.</p> <p>Жануарлар әлемі: Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылау дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Бақылау күнтізбесінде жылдың қысқы ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p>
<p>Сурет салу</p>	<p>Тұтас қағаз парағына бейнені орналастыру, қызыл, сары, көк, қара, ақ негізгі түстер мен олардың ренктерін қолдану (қызғылт, көгілдір, сұр) қолдану.</p>
<p>Мүсіндеу</p>	<p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы ойыншықтарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру.</p>
<p>Жапсыру</p>	<p>Балаларды ересектер дайындаған ірі және ұсақ элементтерді қағаз бетіне</p>

	орналастыру және жапсыру арқылы ұжымдық композиция құрастыруға баулу.
Құрастыру	Кірпіштерді, тактайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру.

Мектепке арнайы тәртіп пен еркіндікпен ұнаған кәсіби бағдарламалар жасауға
 2022 - 2023 оқу жылына арналған
 ұйымдастырылған Іс-әрекеттің өркениетшілдік жобалары

Құрастыру ұйымы: А. Артықбаевтың балаларға арналған
 құрастыру топ.
 Құрастырушы: 3 сыныптың балалары
 Құрастыру кезеңі: 2022 жыл

Құрастырылуын нүсқа	Ұйымдастырылуы Іс-әрекеттің нәтижелері
Деме белгілері	<p>Негізгі нәтижелер:</p> <ul style="list-style-type: none"> Жұмыс бағамы мен бағдарламаны ұйымдастыруға баулу. Тәртіпті және ұжымдық жұмысты ұйымдастыруға баулу. Жұмыс бағамы мен бағдарламаны ұйымдастыруға баулу. Құрастыру: Тәртіпті және ұжымдық жұмысты ұйымдастыруға баулу. Құрастыру: 4-6 жас аралығындағы балаларды ұйымдастыруға баулу. Жалпы дамуында жұмыс баулу. Құрастыру бағамы мен бағдарламаны ұйымдастыруға баулу. Тәртіпті және ұжымдық жұмысты ұйымдастыруға баулу. Спириттік жұмыс баулу және ұйымдастыруға баулу. Мектептің ұжымдық жұмыс бағамы мен бағдарламаны ұйымдастыруға баулу.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Қарауылкелді» бөбекжай- балабақшасы»

Тобы: Ортаңғы топ

Балалардың жасы:3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Наурыз	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру:Әр түрлі бағытта:тура,шеңбер бойымен, «жыланша»,шашырап, тапсырмаларды орындай отырып жүру:жартылай отырып,бұрылып,заттарды айналып жүру; Тепе-теңдік сақтау жаттығулары:тура жолмен, бір-бірінен 10 сантиметр қашықтыққа орналасқан тақтайшаларда жүру; Жүгіру:Қарқынды өзгертіп,жылдам (10-20 метрге дейін) жүгіру. Лақтыру:Аяқтарын алшақ қойып,отырып,1,5-2 метр қашықтықтан допты бір-біріне ,заттардың арасымен,қақпаға домалату. Еңбектеу:Еденге қойылған тақтай бойымен,доғаның астымен (биіктігі 40см). Секіру:Заттарды айналып және заттардың арасымен секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар: Қимылды ойындар:Кеңістікті бағдарлауға,«жүгір» ,«ұста» , «тұр» белгілеріне</p>

<p>Матқимылды ойындары</p> <p>Қорша да орындауы</p> <p>Таныстыру</p>	<p>сәйкес әрекет етуге үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Шанамен бір-бірін сырғанату.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Дене белсенділігі таңертеңгі жаттығушынықтыру, қимылды ойындар туралы түсінік қалыптастыру.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Шынықтыру шараларын жүргізу, жаттығулар мен массаж жасау.</p>
<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.</p> <p>Сөздік қор: Балаларға тұсау кесу дәстүрімен таныстыру арқылы олардың алғашқы қадамы ересектерді қуанышқа бөлейтнін жеткізу және оларды ересектердің жақсы көретінін білдіру, дәстүрге байланысты балалармен ән айту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді жекеше, көпше түрде қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ересектердің сөзін тыңдау және түсіну, сөйлеу әдебінің тиісті формаларын дұрыс қолдану.</p>
<p>Көркем әдебиет</p>	<p>Балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>
<p>Қазақ тілі</p>	<p>Тілдік дамытушы орта: Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор: Баланың сөздік қорын дамытуда жаңылтпаштар жаттауға баулу.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға (зат есім және етістік) үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Жай сөйлемдермен сипаттап беруге баулу.</p>

Математика негіздері	<p>Сан: Біртекті заттарды топтастыру және олардың біреуін бөліп көрсету.</p> <p>Шама: Биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең сөздерімен белгілеу.</p> <p>Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигура (үшбұрыш) ұстау және көру тәсілдері арқылы аталған фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Оң-солын ажырата білу.</p> <p>Уақытты бағдарлау: Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде.</p>
Қоршаған ортамен таныстыру	<p>Бала, оның отбасы, үйі: Жақындарына қамқорлық танытуға баулу</p> <p>Заттық әлем: Заттардың атқаратын қызметтерін түсіну.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары: Жолаушыларға арналған қарапайым ережелер мен таныстыру</p> <p>Еңбекке баулу: Өзінің, құрдастарының шығармашылық суреттеріне, бұйымдарға құрметпен қарауға баулу.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі: Балалардың назарын адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді, жанашыр, қамқор, сезімтал) аудару</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан: Балалардың жалпы қабылданған ережелер мен нормаларды меңгеруіне ықпал ету.</p> <p>Өсімдіктер әлемі: Кейбір көгөністер мен жемістердің 2-3 түрін тану және атау.</p> <p>Жануарлар әлемі: Үй жануарлары мен олардың туралы білімдерін бекіту.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер. Бақылау күнтізбесінде жылдың көктемгі мезгілдеріндегі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p>
Сурет салу	Қазақ ою-өрнектерінің қарапайым элементтерін қайталап салуға баулу.
Мүсіндеу	Қазақ халқының әшекей бұйымдарымен (білезік, жүзік, сырға, тұмар) таныстыру
Жапсыру	Геометриялық фигуралардың дөңгелек шаршы ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы орамал жасау.
Құрастыру	Ірі және ұсақ құрылыс материалдарынан, үлгі бойынша, ойдан құрастыру.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары және
Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы : «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы»

Тобы: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Сәуір айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Сәуір	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру: Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, тізені жоғары көтеріп, сапта бір-бірден, екеуден жұппен жүру; Өртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен, «жыланша», шашырап жүреді. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: Тепе-теңдікті сақтай отырып, бір қырымен қосалқы көлбеу тақтай (20-30см), тура жолмен жүреді. Жүгіру: Бірқалыпты, аяқтың ұшымен, сапта бір-бірден, бір жағынан екінші жағына, өртүрлі бағытта: тура, шеңбер бойымен «жыланша», шашырап және тоқтап жүгіреді. Домалату, лақтыру, қағып алу: Допты жоғары лақтырып, төмен-еденге (жерге) соғып, қағып алады. Заттарды оң және сол қолмен қашықтыққа лақтырады. 1,5-2 м қашықтықтан допты бір-біріне, заттардың арасымен, қақпаға домалатады. Еңбектеу: Заттардың арасымен еңбектеу, еденге қойылған тақтай бойымен, арканның, доғаның астымен еңбектейді.</p>

		<p>Секіру: 15-20 см биіктіктен секіреді, ілініп тұрған затқа қол тигізіп, тұрған орнынан жоғары секіреді.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <p>Қимылды ойындар: Қимыл түрлерін өзгерте отырып, ойындарға күрделі ережелерді енгізеді. Қимылды ойындар ойнайды.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Қимылды ойындарды ойнауда балалар қарапайым ережелерді сақтайды және қимылдарын үйлестіруге, кеңістікті бағдарлап: «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сай әрекет етеді.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебеді.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды және өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын қалыптастырады.</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Дене мүшелері мен ағза жүйесін нығайтатын жаттығулармен танысады. Денсаулықтары жайлы ересектерге айтады және науқастанған кезде дәрігерге қаралып, емделу қажеттігін біледі.</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Күн тәртібіне сай балалар күнделікті таза ауада болады. Ересектің көмегімен шынықтыру тәсілдерін орындау дағдыларын қалыптастырады және тыныс алу жаттығуларын жасайды.</p>
	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: артикуляциялық аппаратты дамыту, сөйлеу қарқынын өзгерту қабілетін дамыту: жаңылтпаштар айтады, сөздік қорларын жаңа сөздермен байытады.</p> <p>Сөздік қор: Жұмбақ шешкізу, жаңылтпаш, санамақ айтады.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді жіктелуіне, септелуіне қарай байланыстырып айтады, зат есімдерді үстінде, атында, артында, жанында көмекші сөздермен бірге қолданады.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: кейіпкерлерді сипаттау үшін дауыс ырғағының мәнерлі қарапайым тәсілдерін қолданады, таныс ертегілерді ойнайды және</p>

	сахналауға ынталанады,қызығушылығын оятады.
Көркем әдебиет	Ересектермен бірге ертегілерді,қарапайым көріністерді ойнайды,бірлескен ойындарға қатысуға ықпал етеді,онда жеке репликаларды,кейіпкерлердің эмоционалды образын береді.
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта: Балалардың ересектермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасауына жағдай жасау:бір-бірімен күнделікті еркін ойында,дербес әрекеттерде ауызекі сөйлесуге,бірлескен әрекеттері туралы келісуге,ортақ тақырыпта әңгімелесуге,сұрақтарға жауап беруге,өз бетінше кітаптарды қарауға,өзінің алған әсері мен қалауын білдіреді.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Көрнекілікпен немесе көрнекіліксіз өзіне айтылған сөзді тыңдайды және түсінеді.Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ дыбыстарын өздігінен дұрыс айтады.</p> <p>Сөздік қор: Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолданады. Баланың сөздік қорын дамытуда,санамақтар,тақпақтарды жаттайды.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы:Жуан және жінішке түбір сөздерді ажыратып,оларды көпше түрде қолданады.Бұйрық райлы етістіктерді жекелей қолдана алады. (бар,кел,айт)</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Таныс ертегілер мен шағын шығармалардың мазмұны бойынша алдымен сұрақтарға жауап береді,өздігінен қайталай алады. Ауызекі сөйлеуде түрлі балалар әрекеттерінде қоршаған орта заттары мен табиғат нысандарының атауларын өздігінен қолдана алады.</p>
Математика негіздері	<p>Сан:«Көп»,«бір»ұғымдары туралы түсініктерді қалыптастыру,заттардың санын ажыратуға үйрету: көп-біреу (біреу-көп),біртекті заттарды топтастыру және қоршаған ортадан бір немесе бірнеше бірдей затты табу, «қанша?,неше?» сұрағына жауап бере алады.</p> <p>Шама:Екі затты өлшемі бойынша(ұзын-қысқа,биік-аласа,артық-кем)салыс-</p>

		<p>тырып,өлшемдері қарама-қарсы бойынша екі затты беттестіріп және бірдей заттарды салыстыра отырып,шаманың берілген белгілерімен (ұзындығы,ені,биіктігі) салыстырады.</p> <p>Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигура (үшбұрыш) танып,атайды.Геометриялық пішіндерді ұстап,көріп және сипап сезу арқылы зерттейді.</p> <p>Кеңістікті бағдарлау: Кеңістік бағыттарын өзіне қатысты анықтап,берілген бағытта қозғалады (үстінде-астында,алдында-артында,оң-сол).</p> <p>Уақытты бағдарлау:Тәулік бөліктері: (күндіз-түнде) ұғымдарын ажыратады.</p>
<p>Қоршаған ортамен таныстыру</p>		<p>Бала, оның отбасы, үйі: «Мен»бейнесін,кұрдастарын,өзін балалар қоғамның бір мүшесі ретінде сезінеді,әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнайды,өз іс-әрекеттерін оң бағалап және өзін-өзі бағалау,ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамытады.</p> <p>Отбасы туралы фотосуреттерді қарайды,отбасы мүшелерін,олардың іс-әрекеттерін атап,отбасы,отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп, жақындарына қамқорлық танытады.</p> <p>Заттық әлем: Заттардың айырмашылықтары мен атаулары,олардың көлемін,түсін,пішінін қарастыру мен зерттеу дағдыларын ,сапаларын қасиеттерін сипап сезу,дәмін көру,есту арқылы таниды.</p> <p>Көлік, байланыс құралдары:Көлік құралдарының түрлерімен және ауада ұшатын қозғалыс құралдарын танып және атайды.</p> <p>Еңбекке баулу:Таныс мамандық иелеріне құрметпен қарайды және олардың еңбек нәтижелеріне қамқорлық танытады.Ересектердің еңбегін бақылап,ойын әрекетіне ынталандырып,күтушіге,аула сыпырушыға көмек көрсете алады.</p> <p>Адамгершілік тәрбиесі:Балаларда «дұрыс»,«дұрыс емес»,«жақсы»,«жаман» қылықтар туралы түсініктерді дамытып,адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді,жанашыр,қамқор,сезімтал,іскер,еңбекқор,ұқыпты) назар аударады.</p> <p>Менің Отаным – Қазақстан:Балабақшада,үйде,көшеде тәртіп сақтайды.</p>

	<p>Балаларды әдепті қарым-қатынасқа үйретуді жалғастыру амандасуға, қоштасуға, көмек көрсеткені үшін алғыс айтуға үйрету.</p> <p>Өсімдіктер әлемі:</p> <p>Жануарлар әлемі: Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастырады.</p> <p>Табиғат бұрышын мекендеушілерді бақылайды.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер: Ауа-райын анықтайды (суық, жылы)</p> <p>Табиғат құбылыстарын (маусымды) бақылайды.</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау:</p> <p>Серуенде ойын алаңында құммен, сумен, ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру (оларды ауызға салмау, құмды шашпау, ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тыкпау).</p>
Сурет салу	<p>Құмға таяқшалармен, асфальтқа бормен, өз бетінше ойдан сурет салады.</p> <p>Сурет салуда қауіпсіздікті сақтап, ұқыптылықты сақтайды.</p>
Мүсіндеу	<p>Мүсіндеу тәсілдерін қолдана отырып, ұнаған бұйымдарды мүсіндеу және оларды таяқшамен безендіреді.</p> <p>Ермексаз кесектерін бөліп алып, домалату, есу, жаю әдістерін қолданып заттарды мүсіндейді (ыдыстар, ойыншықтар).</p> <p>Бірнеше бөліктерді қосу, қысу, біріктіру арқылы жануарларды мүсіндейді.</p>
Жапсыру	<p>Геометриялық фигуралардың дөңгелек шаршы ортасына, бұрыштарына дайын ою-өрнектерді жапсыру арқылы (киіз, кілем, көрпе, алаша) жасайды.</p> <p>Жапсыру барысында қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтайды.</p>
Құрастыру	<p>Құрлыс бөлшектерін: текше, кірпіш, цилиндр, үшбұрыш ажырата біледі.</p> <p>Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастырып, құрастыруға қолданған құрылыс бөлшектерін ажырату текше, пластина, кірпіш және атап, өз бетінше ойдан құрастырып, құрастырылған құрылыс бөлшектерінің кеңістікте орналасуын айқындайды. Дайын құрылыспен сюжетті ойындар ойнайды.</p>

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде
2022-2023 оқу жылына арналған
ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «Қарауылкелді» бөбекжай-балабақшасы»

Тобы: Ортаңғы топ

Балалардың жасы: 3 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: Мамыр айы 2023 жыл

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Мамыр	Дене шынықтыру	<p>Негізгі қимылдар: Жүру: тапсырмаларды орындай отырып жүру: қол ұстасып, арқаннан ұстап, тоқтап, жартылай отырып, бұрылып, заттарды айналып, еденге қойылған заттардан аттап жүру және жан-жаққа баяу айналу. Тепе-теңдік сақтау жаттығулары: арқан бойымен, тура жолмен, бір-бірінен 10 см қашықтықта орналасқан тақтайшалардың, қырлы тақтай бойымен тепе-теңдікті сақтап жүру. Жүгіру: белгілі бір тапсырмаларды орындау арқылы: тоқтап жүгіру, белгі бойынша көрсетілген жерге жүгіру; қарқынды өзгертіп, жылдам (10-20 метрге дейін), тоқтамай баяу қарқынмен (50-60 секунд) ішінде жүгіру. Домалату, лақтыру, қағып алу: допты кеуде тұсынан лақтыру, оң және сол қолмен тік нысанға (нысана биіктігі 1,2 метр) лақтыру (1-1,5 метр қашықтық) аяқтарын алшақ қойып, отырып домалату. Еңбектеу; өрмелеу: көлбеу модуль бойымен, арқанның, доғаның астымен (биіктігі 40 см еңбектеу). Гимнастикалық қабырғаға өрмелеу және одан түсу. (биіктігі 1,5м). Секіру: сызықтан секіру, тұрған орнынан ұзындыққа 40 см қашықтыққа</p>

		<p>секіру.</p> <p>Жалпы дамытушы жаттығулар:</p> <p>Қимылды ойындар: Балаларды қарапайым ережелерді сақтауға, қимылдарды үйлестіруге, кеністікті бағдарлауға, «жүгір», «ұста», «тұр» белгілеріне сәйкес әрекет етуге үйрету.</p> <p>Дербес қимыл белсенділігі: Ойындарды орындауда балалардың дербестігін, белсенділігі мен шығармашылығын дамыту. Велосипедтер, доптар, шарлармен өз бетінше ойнауға ынталандырылу. Өрмелеу, еңбектеу дағдыларын, ептілікті, жылдамдықты дамыту, қимылдарды мәнерлі орындауға баулу.</p> <p>Спорттық жаттығулар: Велосипед тебу Үш дөңгелекті велосипедті тура, шеңбер бойымен, оңға және солға бұрылып тебеді.</p> <p>Мәдени-гигиеналық дағдыларды қалыптастыру</p> <p>Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдылары</p> <p>Салауатты өмір салты дағдыларын қалыптастыру: Сезім мүшелерін ажыратуға және атауға (көз, құлақ, мұрын, ауыз) үйрету, ағзадағы рөлі және оларды қалай қорғауға, күтуге болатыны туралы түсінік беру (ұсақ заттарды құлаққа, мұрынға тықпау).</p> <p>Сауықтыру-шынықтыру шаралары: Табиғи факторлар: ауа, күн, суды пайдалана отырып, шынықтыру шараларының кешенін жүзеге асыру, Серуенде қимылды ойындар мен дене жаттығуларына қатысуға қызығушылықты арттыру.</p>
	<p>Сөйлеуді дамыту</p>	<p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: дауысты (а, ә, о, ұ) және кейбір дауыссыз (п-б, к-қ, т-д, ж-ш, с-з) дыбыстарды анық айту, дыбыстардың артикуляциясын нақтылау және бекіту.</p> <p>Сөздік қор: Сөздік қорларын жаңа сөздермен байыту.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Зат есімдерді жекеше, көпше түрде, етістіктерді келер және өткен шақта қолдану.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Суреттерді, заттарды қарастыруда, тірі және өлі табиғат</p>

	<p>нысандарын бақылау кезінде, шығармаларды тыңдағанда, мультфильмдер, ертегілер көргеннен кейін балаларды алған әсерлерімен бөлісуге, өз ойын айтуға үйрету.</p>
Көркем әдебиет	<p>Таныс кітаптардағы суреттерді балалармен бірге суреттердің мазмұны туралы эмоционалды түрде айту, балалар пікірін тыңдау. Оқылған шығармадан ең қызықты, мәнерлі үзінділерді қайталау, балаларға сөздер мен қарапайым сөз тіркестерін қайталап айтуға мүмкіндік беру.</p>
Қазақ тілі	<p>Тілдік дамытушы орта: Сәлемдесуде, өтінішін, ырзашылығын білдіруде сыпайы сөйлеу әдебін сақтауға, құрдастарын есімімен толық, дұрыс атауға баулу.</p> <p>Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: Артикуляциялық және дыбыстық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды, естуді дамыту.</p> <p>Сөздік қор: қоршаған ортадағы күнделікті жиі қолданытын туыстық қатынасқа байланысты сөздерді, тұрмыстық заттардың, жемістердің, жануарлардың, төрт түліктің атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.</p> <p>Тілдің грамматикалық құрылымы: Сөздерді байланыстырып, сөз тіркестерін құрастыруға зат есім, сын есім, зат есім және етістік үйрету.</p> <p>Байланыстырып сөйлеу: Ойыншықтар мен заттарды қарастыра отырып, сұрақтарға жауап беруге, оларды жай сөйлемдермен сипаттап айтып беруге баулу.</p>
Математика негіздері	<p>Сан : Заттарды салыстыру: Заттарға қосу немесе заттардан алу тәсілдері арқылы тең және тең емес заттар тобын салыстыру, «Тең бе?», «Қайсысы артық(кем?)» сауалдарына жауап беру.</p> <p>Шама: Бір затты екінші затпен беттестіру және жанына қою тәсілдері арқылы салыстыру, салыстыру нәтижелерін ұзындығы бойынша ұзын-қысқа, бірдей, тең, ені бойынша кең-тар, бірдей , тең, биіктігі бойынша биік-аласа, бірдей, тең, шамасы бойынша үлкен-кіші сөздерімен белгілеу.</p> <p>Геометриялық фигуралар: Балаларды геометриялық фигура: үшбұрыш, шаршы, дөңгелекті таныстыру және ұстау және көру тәсілдері арқылы</p>

фигураларды зерттеуге мүмкіндік беру.
Кеңістікті бағдарлау:Өзінің дене мүшелерін бағдарлау және осыған байланысты өзіне қатысты кеңістік бағыттарын анықтау: (үстінде-астында,алдында-артында,оң-сол).
Уақытты бағдарлау:Қарама-қарсы тәулік бөліктерін бағдарлау: күндіз-түнде, таңертең-кешке .

Қоршаған ортамен таныстыру

Бала, оның отбасы, үйі: «Мен»бейнесін,кұрдастарын,өзін балалар қоғамның бір мүшесі ретінде сезінуге,әртүрлі ойындарды өз бетінше ойнауға,өз іс-әрекеттерін оң бағалау және өзін-өзі бағалауын,ойында туындаған мәселелерді шешу тәсілдерін дамыту.
Отбасы туралы фотосуреттерді қарауға,отбасы мүшелерін,олардың іс-әрекеттерін атауға,өзінің отбасы,отбасылық қарым-қатынас туралы әңгімелеп беруге, жақындарына қамқорлық танытуға баулу.Дербестікті қалыптастыру: киіну,жуыну,тісін тазалау.
Заттық әлем: Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен таныстыру.
Заттар,ойыншықтар,кітаптар және ыдыстарға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.Әртүрлі заттардың атауларын сөйлегенде белсенді қолдану,заттардың атқаратын қызметтерін түсіну,заттардың тобын білдіретін түсініктерді меңгеру.
Көлік, байланыс құралдары:Жаяу жүргіншілерге және жолаушыларға арналған қарапайым ережелермен және көлік құралдарының түрлерімен таныстыру.
Еңбекке баулу:Қарапайым тапсырмаларды өздігінен орындауғатүрлі балалар әрекетіне қажетті материалдарды,құрал-жабдықтарды дайындауға,қолданып болған соң ойыншықтарды,кітаптарды,заттарды орнына жинауға баулу.
Адамгершілік тәрбиесі:Балаларда «дұрыс»,«дұрыс емес»,«жақсы»,«жаман» қылықтар туралы түсініктерді дамытып,адамның жеке қасиеттеріне (мейірімді,жанашыр,қамқор,сезімтал,іскер,еңбекқор,ұқыпты) назарын аудару жақсы және жаман әрекеттерді дұрыс бағалау тәжірибесін қалыптастыру.
Менің Отаным – Қазақстан: балабақшаның үй-жайлары мен ауласында тәртіп

	<p>пен тазалық сақтауға үйрету.Тірі және өлі табиғат заттары мен құбылыстарына қызығушылықтарын қалыптастыру.</p> <p>Өсімдіктер әлемі:Туған өлкенің кейбір өсімдіктері туралы қарапайым түсініктерді қалыптастыру.Ағаштар,дала гүлдерінің ,кейбір көкөністер мен жемістерді тану.</p> <p>Жануарлар әлемі:Үй жануарлары мен олардың төлдері туралы білімдерін бекіту.Қазақстанды мекендейтін жабайы жануарлар жайлы түсініктерін қалыптастыру.</p> <p>Табиғаттағы маусымдық өзгерістер:Ауа-райын анықтайды(суық,жылы) Табиғат құбылыстарын (маусымды) бақылайды,бақылау күнтізбесінде көктемгі ауа-райының жай-күйін белгілеу.</p> <p>Табиғатта қауіпсіз мінез-құлық ережелерін сақтау: (Саңырауқұлақар мен жидектерді) жемеу,жануарларға тиіспеу,қоқыс қалдырма,қоқысты жинау,бұтақтарды сындырмау,топта (терезенің алдына шықпау,розеткаларды ұстамау),баспалдақпен (көтерілгенде) және (түскенде) таяныштан ұстау,серуенде (отпен ойнамау,жолға шықпау) ,ойын алаңында күммен,сүмен,ұсақ заттармен ойындарда қауіпсіз әрекет ету дағдыларын қалыптастыру.</p>
Сурет салу	<p>Көлденең және тік сызықтарды салу,олардың қиылысуын жүргізе білу,әртүрлі пішіндегі заттарды бейнелеу,бірнеше көлденең және тік сызықтардан тұратын заттарды бейнелеу.Сурет салу кезінде қарындашты,қылқаламды қатты қыспай,бояуға ақырын батыру,артық бояуды құтының шетіне ақырын басып,ағызу т.б сурет салу техникаларын үйрету.</p>
Мүсіндеу	<p>Жеке жұмыстарын ұжымдық композицияларға біріктіру дағдыларын қалыптастыру.Мүсіндеу барысында қауіпсіздікті сақтауға,ұқыпты болуға баулу.</p>
Жапсыру	<p>Қағаз бетінде көлемі,түсі,пішіні бойынша әртүрлі дайын пішіндерді белгілі реттілікпен орналастыра отырып,ойдан немесе берілген тапсырма бойынша заттардың бейнесін жасау,содан соң пайда болған бейнені қағазға жапсыру.</p>
Құрастыру	<p>Құрастырылатын құрылысты қарапайым сызбаларға,суреттегі үлгісіне қарап</p>

		зерттеуге және кірпіштерді, тақтайшаларды тігінен қатарға орналастырып, бір-бірімен мықтап бекіту тәсілдерін қолданып, өз бетінше құрастыруға мүмкіндік беру, өзіні тұрғызған құрылысын талдауға баулу. Ойнап болғаннан кейін бөлшектерді жинауға, қауіпсіздік техникасы ережелерін сақтауға, ұқыптылыққа баулу.
--	--	--